



**Бухгалтер
бухгалтер**

Қаржы және бухгалтерлік есеп

Кәсіпорын: Коммунальное государственное учреждение "Центр социального обслуживания" отдела занятости и социальных программ Сайрамского района
Еңбекақы: 150 000 бастап 200 000 теңгеге дейін
Толық жұмыс күні, уақытша жұмыс, еңбек жағдайы қалыпты

Бос жұмыс орны туралы ақпарат

Аймақ Түркістан облысы / Сайрам ауданы
Жұмыс орны Б. Кыстаубаев
Бос жұмыс орындар саны 1

Жұмыс іздеушіге талаптар

Мамандық бойынша өтілі 2 жыл
Кәсіби дағдылар Белгіленген есеп нысандарын жүргізу;
Бюджеттік жоспарлау;
Қаржылық жоспарлау;
Білім деңгейі жоғары
Жеке қасиеті Жауапкершілік;
Ұқыптылық;

Кәсіпорын туралы ақпараттар

Қызметкерлер саны 95
Кәсіпорын туралы ақпарат **Коммуналдық мекеме қызметінің мәні** аудан аумағында бөгде адамның күтіміне мұқтаж азаматтарды әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.
-жалғыз тұратын және жалғыздікті бірінші және екінші топтағы мүгедектерге және қарттарға;
-отбасында тұратын тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға;
-отбасында тұратын психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларға;
-отбасында тұратын психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан мүгедектерге;
Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты :
1) Денсаулық сақтау білім беру және басқада қоғамдық органдармен бірлесіп үйде арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету мұқтаж жалғызбасты қарттарды, мүгедектерді және кемтар балаларды анықтау және есепке алу.
2) Жалғызбасты қартты, мүгедекті және кемтар балаларды әлеуметтік тексеру, оның мүддесі мен мұқтаж білу мақсатында баланы қоршаған микроортаны тексеру.
3) Ата-аналарға ауру баланы жалпы күтудің практикалық машықтарын, әдістерін және баланың дамуына жәрдемдесетін тәсілдерді үйрету.
4) Кемтар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларында балаларды жүріп тұру мен әлеуметтік машықтарға (киіну, жуыну, асхана құралдарымен пайдалану, ақша ұстау, заттар сатып алу және тамақ әзірлеу, телефонмен, көлікпен пайдалану және т.б) мінез-құлық, өзін-өзі бақылау мен қарым-қатынас дағдыларын үйретуге көмек көрсету.
5) Оңалту іс-шараларын іске асыру және қартты, мүгедекті, баланы қоғамдық ортаға, отбасыға бейімдеу мақсатында жеке азаматтармен ата-аналармен жұмыс жүргізу.
6) Жалғызбасты қарттың, мүгедектің кемтар баланың бос уақытын ұйымдастыру (ойындар, кітаптар, газет, журналдар оқу, оларды талқылау, кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, басқа азаматтармен хат-алмасуды ұйымдастыру және т.б)
7) Жалғызбасты қартқа, мүгедек бала мен ата-анасына психологиялық жәрдем көрсету.
8) Жалғызбасты қарттармен, мүгедектермен, балары кемтар ата-аналармен жеке және топтық іс-шаралар(семинарлар, тренингтар және т.б.) ұйымдастыру арқылы ағарту-профилактикалық жұмыстар жүргізу.
9) Қажет арнайы медициналық жәрдем алуға және медициналық қызмет

көрсетуге, атап айтқанда дәрігерді үйге шақыруға, емханаға бірге баруға көмектесу.

10) Шұғыл жағдайларда бірінші медициналық көмек көрсету.

11) Жалғызбасты қарттарға, мүгедектерге соғыс және еңбек ардагерлеріне, кемтар балалар

тәрбиелеп отырған отбасыларына демеуші көмек көрсету үшін, бұрын еңбек еткен ұжымдармен және қайырымдылық қорларымен тығыз байланыс жасау және дамыту.

12) Қамқорлықты, қорғаншылықты белгілеу, жәрдемақыларды тағайындау, интернат үйлеріне немесе аумақтық орталықтарға орналастыру және көмектің басқа түрлері үшін құжаттар рәсімдеуге жәдемдесу.

13) Консультативтік, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар беру мәселелері бойынша көмек көрсету.

14) Аз қамтамасыз етілген қатарындағы кемтар балалар тәрбиелеп отырған отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге құжаттар рәсідеуге жәрдемдесу.

15) Жалғызбасты қарттың, мүгедектің қайтыс болған жағдайда жерлеу жұмыстарын ұйымдастыру.

16) Жалғызбасты қартқа, мүгедекке үйлеріне азық-түлік, өнеркәсібі тауарларын, қосымша кемтар балаларға дәрі-дәрмектерін жеткізіп отыру.

17) Жалғызбасты қарттың, мүгедектің киімдерін және үй-тұрмыстық заттарын химиялық тазалауға, жөндеуге тапсырып, қайтып жеткізіп беру.

18) Жалғызбасты қарттың, мүгедектің тұрғын үйін тазалауға, үйінің жөндеуге өткізуге ықпал жасау.

19) Медициналық көрсеткіштер бойынша протез-ортопедиялық бұйымдармен, техникалық және өзге де құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- әлеуметтік – тұрмыстық;
- әлеуметтік – медициналық;
- әлеуметтік – психологиялық;
- әлеуметтік – педагогикалық;
- әлеуметтік – мәдени қызмет;
- әлеуметтік – экономикалық;
- әлеуметтік құқықтық;
- әлеуметтік – еңбек;

Байланыстағы тұлға **Узақов Абылай Мусақұлович**
Кәсіпорынның аймағы **Түркістан облысы / Сайрам ауданы**
Кәсіпорынның мекен-жайы **Б.Қыстаубаев көшесі 8А**